

Күн сайын адам баласы:

- түрлі анықтамаларды алу
- айыппұлдарды, салықтарды, коммуналдық қызмет ақыларын төлеу
- баланы балабақшаға кезекке қою және т.б.

мақсаттары үшін:

- мемлекеттік органдарға жүгіну
- алуан түрлі инстанциялардан өту
- кезекте тұру
- жұмыстан сұрану
- толып жатқан құжаттарды алып жүру секілді көптеген жағдайлармен кездеседі.

Енді Қазақстанның әрбір тұрғыны еліміздің және дүние жүзінің кез келген нүктесінен осының барлығын үйден шықпай-ақ, тәуліктің кез келген уақытында «электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асыра алады.

Мемлекеттік онлайн қызметтерді «электрондық үкімет» порталында онлайн режимде алудың басты артықшылықтары:

- ✓ уақыт үнемдігі
- ✓ кезектердің жоқ болуы
- ✓ қажетті құжаттардың ұзын тізімінің жоқ болуы, бұл күнделікті міндеттерді жылдам шешуге мүмкіндік береді.

Қолыңыздағы **нұсқаулық** Сізге Электрондық үкіметтің сенімді пайдаланушысы болуға көмектеседі. *Порталда тіркелуден* бастап, алуан түрлі *электрондық қызметтерді* алуға дейінгі толық ақпаратпен танысасыз. *Электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ)* қалай алуға және пайдалануға болатыны туралы біліп, өзге де көптеген пайдалы мәлімет табасыз.

Тайсалма, жаңа пайдаланушы, мыңдаған есікті бір ғана терезеге ауыстыр!

«Электрондық үкімет» порталында қолжетімді барлық қызметтерді екі топқа бөлуге болады:

✓ **электрондық цифрлық қолтаңбасыз қолжетімді қызметтер**

➡ ақпарат алу

Қандай да бір қызметті алу, қай мемлекеттік органға жүгіну қажеттігі, қандай құжаттар жиынтығы қажет екендігі, мемлекеттік органдардың мекенжайы мен байланыс телефондары және т.б. туралы ақпарат таба аласыз.

➡ салықтарды, ЖҚЕ бұзғаны үшін айыппұлдарды, коммуналдық қызметтерді т.б. төлеу

➡ баланы балабақшаға кезекке қою/ кезек нөмірін қарау

➡ ХҚКО-ға бару уақытын брондау және т.б. көптеген пайдалы сервистер.

Бұл нұсқаулықта электрондық цифрлық қолтаңбасыз (ЭЦҚ) қолжетімді қызметтер ретінде келесі қызметтер түрін қарастырамыз:

- балабақшаға кезек нөмірін қарау
- көлік салығын төлеу

✓ **электрондық цифрлық қолтаңбаны қажет ететін қызметтер**

➡ түрлі анықтамалар алу

(мекенжай анықтамасы, сотталғандығы туралы анықтама, жылжымайтын мүлік туралы анықтамалар және т.б.)

➡ электрондық өтініштер беру

(некені тіркеуге, жылжымайтын мүліктің техникалық паспортын алуға, баланың дүниеге келуін тіркеуге өтініш беру)

Электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қажет ететін қызметтерді алуды мекенжай анықтамасын алу үлгісі арқылы қарастырамыз.


Сонымен, Порталда жұмыс істеу үшін не қажет?

- Түрлі **ақпаратты** алу үшін (талап етілетін құжаттар жиынтығы, ұйымдардың телефондары мен мекенжайлары және т.б.):
 1. Браузер тармағында www.egov.kz теріп, қажетті ақпаратты айдарлардан табу немесе іздеуді пайдалану қажет.
- Түрлі **анықтамаларды, хабарламаларды** алу, **арыздарды/өтініштерді** жіберу үшін:
 1. Порталда тіркелу
 2. Электрондық цифрлық қолтаңбаның болуы қажет.
- **Алымдарды, баж салықтарын, ЖҚЕ бұзғаны үшін айыппұлдарды, коммуналдық қызметтерді төлеу** үшін:
 1. Интернет-транзакцияларды жүргізу құқығы бар кез келген банктің төлем картасы болуы қажет.



ПОРТАЛДА ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ АВТОРЛАНУ

Порталда тіркелу үшін басты беттің жоғарғы жағындағы «Тіркелу» батырмасын басыңыз (1-сур.).




1-сур.

Нәтижесінде келісім орналасқан бет пайда болады. Мұқият оқып шығып, «Осы Келісімнің шарттарымен таныстым» мәтінінің алдына белгі қойып, қызмет субъектісін – жеке немесе заңды тұлғаны белгілеңіз, содан соң тіркелу түрін – электрондық цифрлық қолтаңба арқылы (ЭЦҚ) немесе ЭЦҚ-сыз (уақытша) тіркелуді таңдаңыз.

Порталда тіркелудің екі түрі бар. Егер ЭЦҚ-ңыз бар болса, «ЭЦҚ арқылы тіркелуді» таңдайсыз, бұл Сізге Порталдың тұрақты және толыққанды пайдаланушысының құқығын береді. Ал егер ЭЦҚ-ңыз болмаса, «уақытша тіркелуді» таңдайсыз, оның көмегімен алуан түрлі төлемдерді (салықтар, айыппұлдар, коммуналдық қызмет ақылары және т.б.), баланы балабақшаға кезекке қоюды жүзеге асыра аласыз. Тіркелудің мұндай түрі Сізге порталды пайдаланудың уақытша құқығын ұсынады. Толық құқыққа ие болу үшін, ЭЦҚ алып, соның көмегімен авторлануыңыз немесе өзіңіздің ЭЦҚ-ңыз арқылы қол қойған мемлекеттік қызметтердің бірін алуыңыз қажет. Егер 90 күнтізбелік күн ішінде Сіз, Порталды пайдалана отырып, өзіңіздің есеп жазбаңызбен авторланбаған болсаңыз, уақытша тіркелу өз күшін жояды.

Уақытша тіркелуді, яғни ЭЦҚ-сыз тіркелуді қарастырайық (2-сур.).



2-сур.

«ЕГОВ.КЗ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

➡ Жеке тұлға ретінде тіркелу үшін төмендегі алаңдарды кезекпен толтырып, «Іздеу» батырмасына басыңыз (3-сур.):

- **Жеке сәйкестендіру нөмірі (*ЖСН)**
*ЖСН – 12 цифрдан тұратын комбинация түріндегі жеке сәйкестендіру нөмірі, код жеке куәліктің алдыңғы бетінде көрсетіледі.
- **Құжаттың нөмірі** (жеке куәлік нөмірі)
- **Туған күні**

3-сур.

➡ Келесі бетте **пароль** ойлап табыңыз (8 символдан кем болмауы тиіс, латын әріптері мен цифрларын қолданған жөн), парольды растаңыз;


- **Электронды пошта** – қолданыстағы электронды жәшігіңізді көрсетіңіз. Алаңдардың барлығын толтырған соң, «Тіркелу» батырмасын басыңыз (4-сур.).

4-сур.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

➊ Электронды поштаңызға сілтеме келеді. Сол сілтеме бойынша өту арқылы тіркелу үдерісін аяқтайсыз (5-сур.).

Құттықтаймыз, Сіз «электрондық үкімет» порталының уақытша құқығы бар пайдаланушысы атандыңыз.



Құттықтаймыз!

Сіз Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталында уақытша құқықтармен сәтті тіркелдіңіз.


- Толық құқықтарға ие болу үшін Сіз ЭЦҚ арқылы кіруіңіз қажет немесе ЭЦҚ-ның көмегімен порталдан кез келген қызметті алуыңыз қажет. Егер Сізде ЭЦҚ болмаса, она алу үшін [осы беттен](#) тапсырыс жіберіңіз.
- ЭЦҚ-ны жеке куәліктің жаңа үлгісіне жазу мүмкіндігі туралы ескертеміз. Бұл туралы ақпаратпен [мына беттен](#) таныса аласыз.

[Порталға кіру](#)



5-сур.

➋ Сіздің ЭЦҚ-ңыз бар, әрі Сіз «электрондық үкіметтің» **тұрақты пайдаланушысы** болғыңыз келеді. Басты беттің жоғарғы жағындағы «Тіркелу» батырмасына басыңыз. Келісім орналасқан бет ашылады. Мұқият оқып шығып, «Осы Келісімнің шарттарымен таныстым» мәтінінің алдына белгі қойып, қызмет субъектісін – жеке немесе заңды тұлғаны көрсетіңіз, содан соң тіркелу түрін–ЭЦҚ арқылы тіркелуді таңдаңыз (6-сур.).



6-сур.

➌ Ашылған беттегі алаңдардың барлығын мұқият толтырып шығыңыз:

- **пароль құрастырыңыз** (8 символдан кем болмауға тиіс, латын әріптері мен цифрларын қолданған жөн), пароліңізді растаңыз;

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

- **электронды пошта** – қолданыстағы электронды жәшігіңізді көрсетіңіз.

Алаңдардың барлығын толтырғаннан кейін, «Сертификатты таңдау» батырмасын басыңыз (7-сур.).

7-сур.

Ашылған терезеде электрондық цифрлық қолтаңбаңыздың (ЭЦҚ) сақталған орнын көрсетіңіз:

- 1) Егер ЭЦҚ жеке куәлігіңізге жазулы болса, «Куәлікті» таңдаңыз. ЭЦҚ паролін енгізіңіз (8-сур.).

Жеке куәлікке жазылған электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану үшін смарт карталарды оқуға арналған арнайы құрылғы – картиридерді (smart card reader) сатып алу қажет.

8-сур.

- 2) Сыртқы құрылғыларда немесе компьютеріңізде сақталған болса, «Файлды таңдау» батырмасына басып, ЭЦҚ-ңыздың сақталған орнын көрсетіңіз (RSA кілтін таңдау қажет). ЭЦҚ паролін енгізіңіз (9-сур.).

9-сур.

Сертификат дұрыс таңдалған жағдайда Сіз туралы мәліметтер – ЖСН, ТАӘ және электронды пошта мекенжайы, сондай-ақ ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімі көрсетіледі. «Тіркелу» батырмасына басыңыз (10-сур.).

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

10-сур.

➡ Электронды поштаңызға сілтеме келеді. Сілтемемен өту арқылы тіркелуді аяқтайсыз (11-сур.).

11-сур.

ПОРТАЛДА АВТОРЛАНУ (ПОРТАЛҒА КІРУ)

➡ Порталда авторлану үшін «Кіру» батырмасын басыңыз. Авторланудың 2 түрі бар. Өзіңізге ыңғайлысын таңдаңыз:

1-нұсқа. ЖСН (БСН) және парольді (тіркелу кезінде көрсеткен) енгізіңіз де, «Кіру» батырмасын басыңыз (12-сур.).

12-сур.

2-нұсқа. ЭЦҚ бар болған жағдайда, «ЭЦҚ арқылы кіруге» басыңыз (13-сур.).

13-сур.

➡ Содан соң «Сертификатты таңдау» батырмасына басыңыз (14-сур.).


14-сур.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

➡ Ашылған терезеде электрондық цифрлық қолтаңбаңыздың (ЭЦҚ) сақталған орнын көрсетіңіз:


- 1) Егер ЭЦҚ жеке куәлігіңізге жазулы болса, «Куәлікті» таңдаңыз. ЭЦҚ паролін енгізіңіз (15-сур.).

Жеке куәлікке жазылған электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану үшін смарт карталарды оқуға арналған арнайы құрылғы – картиридерді (smart card reader) сатып алу қажет.




15-сур.

- 2) Сыртқы құрылғыларда немесе компьютеріңізде сақталған болса, «Файлды таңдау» батырмасына басып, ЭЦҚ-ңыздың сақталған орнын көрсетіңіз (RSA кілтін таңдау қажет). ЭЦҚ паролін енгізіңіз (16-сур.).



16-сур.

➡ Сертификат дұрыс таңдалған жағдайда Сіз туралы мәліметтер – ЖСН, ТАӘ және электронды пошта мекенжайы, сондай-ақ ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімі көрсетіледі. «Қол қою» батырмасына басыңыз (17-сур.).



17-сур.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз



ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА (ЭЦҚ) АЛУ

«Электрондық цифрлық қолтаңба қол қоюшы тұлғаның өзі қойған қолымен тең және бірдей заңдық салдарларға әкеп соғады»

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы»

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370 Заңы

Қандай да бір анықтаманы қағаз түрінде алған уақытта қол қоямыз. Электрондық құжатқа да қол қою керек. Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы. ЭЦҚ құжаттың авторға тиесілігін растайды және қол қойылған құжаттың жеткізілуі кезінде оның мазмұнының өзгермегендігіне кепілдік береді.

ЭЦҚ, ең алдымен, құпия ақпараттың бөтен адамдардың қолына түсуін болдырмау үшін пайдаланылады, яғни құжатқа өз ЭЦҚ-ңызбен қол қоя отырып, қандай да бір ақпаратты, анықтаманы өзіңіз сұратып отырғаныңызды растайсыз (жүйе тексеруді автоматты түрде жүзеге асырады). Мәселен, зейнетақы аударымдары туралы анықтама, ҚР заңнамасына сәйкес, құпия болып табылады және оның иесіне ғана мәлімделеді. Егер сұранымдарға ЭЦҚ арқылы қол қойылмаса, осы секілді дербес ақпаратты бөгде адам алуы мүмкін. Сол себепті Порталдағы қызметтердің көпшілігі ЭЦҚ-ның болуын талап етеді.

ЭЦҚ-ны қайда жазуға болады және оны қалай сақтаған жөн?


- ЭЦҚ-ны жеке куәлігіңізге жазу (егер куәлігіңіз жаңа үлгіде болса).

Қолтаңба жеке куәліктің чипіне жазылады. ЭЦҚ-ны куәлікке жазудың басты артықшылығы – оның қауіпсіз сақталуында. ЭЦҚ-ны жеке куәлігіңізге Халыққа қызмет көрсету орталығы бөлімшелерінде жаздыра аласыз (жеке куәлігіңізбен барсаңыз жеткілікті).

➤ Егер куәлігіңіз ескі үлгіде болса, ЭЦҚ-ны компьютерде немесе кез келген сыртқы құрылғыларда сақтауға болады. Ол үшін www.egov.kz «электрондық үкімет» порталында онлайн түрде ЭЦҚ алуға өтінім беруіңіз қажет.

Онлайн-өтінім беру тәртібін қарастырайық.


- Порталдың басты бетіндегі «ЭЦҚ алу» сілтемесі арқылы өтіңіз (18-сур.).



18-сур.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

➡ Ашылған бетте ЭЦҚ-ға онлайн тапсырыс берудің қарапайым 3 қадамымен таныса аласыз. Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, бағдарламалық жасақтаманы орнатқаннан кейін (1-қадам), «жеке/заңды тұлға үшін онлайн-тапсырыс беру» сілтемесі арқылы өтіңіз (2-қадам) (19-сур.).



19-сур.

➡ Сізді автоматты түрде Ұлттық куәландыру орталығының бетіне ауыстырады (бұл ұйым электрондық кілттерді шығару, пайдалану және тексеру үдерістерін толығымен басқарады). Көрсетілген алаңдарды толтырыңыз:

- **суреттегі код;**
- **ЖСН** (ЖСН енгізген соң, «Тексеру» батырмасына басыңыз, сол уақытта Сіздің аты-жөніңіз автоматты түрде шығады);

*ЖСН – 12 цифрдан тұратын комбинация түріндегі жеке сәйкестендіру нөмірі, код жеке куәліктің алдыңғы бетінде көрсетіледі.

- **электрондық пошта;**
- өтініміңізді растау үшін баратын **облыс, елді мекен атауы және тіркеу орталығы;**
- ЭЦҚ-ны сақтау орны.

Содан соң «Енгізу» батырмасына басыңыз (20-сур.).

20-сур.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҚУАҢДЫРУШЫ ОРТАЛЫҒЫ

KZ RU

ҚҰЖАТТЕР ЖЕКЕ КАБИНЕТ АНЪҚТАМАЛАР

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ОНЛАЙН-ТАПСЫРЫС

Сіздің тапсырысыңызға белгіленген нөмір: 1799511331

Басыла арналған нұсқа:

- Өтінішті басып шығару (Microsoft Word)
- Өтініштің басып шығаруы (Microsoft Word)

Сұранысты бергеннен кейін, Сізге құжаттардың пакетін (төменде көрсетілген), электрондық тапсырыстың нөмірін және толтырылған өтінішті беру үшін тапсырысты берген күннен бастап 1 ай ішінде Тіркеу Орталығына (тапсырыс беру көзінде көрсеткен Халыққа Қызмет Көрсету Орталығы; ХҚКО) келіп, тапсыру қажет. Егер ҚР ҰҚО Тіркеу орталығына құжаттар 1 айдың ішінде берілмесе, тапсырыс жойылатын болады.

Жеке тұлғалармен берілетін құжаттар тізімі:

- Белгіленген үлгідегі өтініш;
- Өтініш берушінің – тіркеу куәлігінің иесінің жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсетуімен және басып қуалаңдыратын құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесі;
- Егер Жеке тұлғаның өкілі өтініш берушінің атына Сертификаты алыса, брақ өзі жеке Тіркеу Орталығына келмесе, қосымша өзімен бірге нотариалды қуалаңдырылған СЕРТИФИКАТ және өкілдің жеке басып қуалаңдыратын құжаты (жеке куәлік, ҚР телқұжаты) болуы қажет.

Заңды тұлғалармен берілетін құжаттар тізімі:

21-суп.

[illegible]

22-cvp.

☀ Сізден келіп түскен онлайн-өтінішті мақұлдап, ЭЦҚ-ңыздың шығарылуын аяқтамас бұрын, ХҚКО операторы оның шын мәнінде Сізден келіп түскеніне көз жеткізуі тиіс. Ол үшін онлайн-өтінішті беру кезінде өзіңіз көрсеткен ХҚКО-ға барып, жеке басыңызды куәландыратын құжатты көрсетіп, онлайн-өтініштің басып шығарылған нұсқасын тапсыруыңыз қажет.

Сіздің өтініміңізді ХҚКО операторы растағаннан кейін, электронды поштаңызға ЭЦҚ сертификаттарының шығарылғаны туралы хабарлама және оларды Сіздің компьютеріңізге немесе сыртқы құрылғыларға орнату үшін сілтеме келіп түседі.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз



БАЛАБАҚШАҒА КЕЗЕК НӨМІРІН ҚАРАУ

Егер балаңызды балабақшаға кезекке қойғыңыз келсе, оны Порталда онлайн түрде жасауға болады. Сонымен қатар, кезекке онлайн режимінде немесе дәстүрлі түрде, яғни әкімдікке өтініш білдіру арқылы тұрсаңыз да, Портал балаңыздың кезек нөмірін қарап отыруға мүмкіндік береді.

ЭЦҚ-ны талап етпейтін қызметтерді алу үшін (әрекет етпейтін заңды тұлғаларға қатысуын тексеру, баланы балабақшаға кезекке қою және т.б.) авторлануыңыз қажет («Порталда тіркелу және авторлану» бөлімін қараңыз).


Электрондық цифрлық қолтаңбасыз қолжетімді қызметтерді алуды «Балабақшаға кезек нөмірін қарау» қызметінің үлгісі негізінде қарастырайық. Аталған топтың қызметтерін алу алгоритмі бірыңғай болып келеді және төменде келтірілген қадамдардың орындалуын көздейді.

Бұл қызметті қалай табуға болады?

Порталда қызметті іздеудің әр түрлі тәсілдері бар:


- тақырыптық айдарлар бойынша;
- іздеу алаңы арқылы;
- «Онлайн-қызметтер бір тізімде» қосымша бетінде;

Балабақшаға кезек нөмірін қарау тәртібін алғашқы тәсілдің көмегімен қарастырайық. Басты бетте «Отбасы» айдарын таңдаймыз (23-сур.).




23-сур.

«Бала» ішкі айдарындағы қызметтер тізімінен «Балабақшаға кезек нөмірін қарау» қызметін таңдаңыз (24-сур.).



24-суп.

🔍 Қызмет сипаттамасы мен оны көрсету тәртібі көрсетілген бет ашылады. Келесі бетке өту үшін сол жақ жоғарғы бұрыштағы «Онлайн қызметке тапсырыс» батырмасына басыңыз (25-сур.).



25-суп.

➡ Ашылған бетте келесі алаңдарды толтырыңыз: таңдалған балабақшаның өңірі және балаңыздың ЖСН. Мәліметтерді тексеріп (ТАӘ, туған күні), «Сұранымды жіберу» батырмасына басыңыз (26-сур.).

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

Заннама, Электрондық лицензиялау, Сапалық тапсырыстың кабинеті, Азаматтар мен ұжымдар

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖІНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу
Мысалы: Мекенжай, анықтамасы

Бірінші байланыс орталығы
1414
8-800-080-7777
(қоңырау шалу тегін)

ҚАЗ
РУС
ENG

Бала-бақшадағы кезектің нөмірін қарау
Облыс:

Облыс *: Астана қ.

Бала туралы ақпарат:

Балаңыз ЖСН *: 111006501219

Балаңыз туған күні *: 08.10.2011

Тегі *: ЕСЕНБАЕВ

Аты *: АРПАН

Бала бақшадағы кезектің нөмірін қарау сервисі қызметтің теліпхатында көрсетілген қалалар мен аудандардың тұрғындарына қол жетімді.
Жұлдызымен * белгіленген өрістер **Міндетті толтырылуға жатады!**

Жаңа сұраным Сұранымды жіберу

© Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі
Портал туралы Сайт картасы Қайтыс болды

Қателі байланыс ба?
Белгілеп, үстінен басыңыз.

Қайт портала
Бұл келіп кеткендер: 1175 2651

26-сур.

Сұранымыңыздың нәтижесі беттің төменгі жағында пайда болады (27-сур.).

Заннама, Электрондық лицензиялау, Сапалық тапсырыстың кабинеті, Азаматтар мен ұжымдар

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖІНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу
Мысалы: Мекенжай, анықтамасы

Бірінші байланыс орталығы
1414
8-800-080-7777
(қоңырау шалу тегін)

ҚАЗ
РУС
ENG

Бала-бақшадағы кезектің нөмірін қарау
Облыс:

Облыс *: Астана қ.

Бала туралы ақпарат:

Балаңыз ЖСН *: 111006501219
ЖСН жоқ? ЖСН анықтау

Балаңыз туған күні *: 08.10.2011

Тегі *: ЕСЕНБАЕВ

Аты *: АРПАН

Бала бақшадағы кезектің нөмірін қарау сервисі қызметтің теліпхатында көрсетілген қалалар мен аудандардың тұрғындарына қол жетімді.
Қызметті электрондық үкіметі порталынан тұтынушылар.
Бала беру бағдарламасын деректер базасында 20.12.2011 жылға дейін жүзеге асыру және бала беру бағдарламасы арқылы елге берген балалар, балалар бойынша деректер қызметтің толтырылуы (аты-жанын (бұрыңғы деректерге қарағанда), осыған байланысты, егер олар балаңыз ЖСН бойынша, немесе аты-жаны және туған күні бойынша табылмаса, қатып жеткенде бала атының тек бірінші бөлігін ғана көрсетуді сұрайды.
Мысалы:
Балаңыз туған күні: 01.01.2011
Тегі: Ахметов
Аты: А
Сонымен қатар, Атырау қаласы бойынша балаңыз деректерін қате толтыру оқиғалары анықталды, оған нәтижесінде кезектің нөмірін қарау кезінде деректер көрсетілмейді. Егер іздестіру нәтижесі берілген, ал бала кезекке қойылған жағдайда, Оңалт Сай-орталығына (1414 телефоны бойынша қоңырау шалу Қазақстанның барлық өңірлері үшін стандартты, және мобилда: телефондардан тегін) хабарлама қалдыруыңызды сұраймыз.
Жұлдызымен * белгіленген өрістер **Міндетті толтырылуға жатады!**

Жаңа сұраным Сұранымды жіберу

Нәтиже:

Ескерту:
Ақпарат Астана қ. бала беру бағдарламасы арқылы берілген. Төменде қол жазба журналдарынан қалғаны көрсетілгендіне байланысты берілген ақпараттарда нақты мәліметтердің болмауы мүмкін. Сұраулар туындаған жағдайда сәйкес өңірдің «Бала беру бағдарламасы» мемлекеттік мекемесіне хабарласуыңызға болады.
Оңалт кезектегі позициясы: - кезектегі нөмірі: 14911

© Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі
Портал туралы Сайт картасы Қайтыс болды

Қателі байланыс ба?

Белгілеп, үстінен басыңыз.

Қайт портала
Бұл келіп кеткендер: 1145 2700

27-сур.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

**САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУ**

«Электрондық үкімет» порталы салықтарды (жер телімі, мүлік, көлік үшін), коммуналдық қызмет ақыларын, ЖКЕ бұзғаны үшін айыппұлдарды, телефон байланысы қызметтерінің ақысын және т.б. үйден шықпай-ақ төлеуге мүмкіндік береді. Оларды төлеу алгоритмі бірыңғай және төменде келтірілген қадамдардың орындалуын көздейді.

Бұл үшін не қажет?


- кез келген қазақстандық банктің төлем картасы қажет;
- ➡ Көлік салығын төлеу тәртібін қарастырайық.

Бұл қызметті қалай табуға болады?

Порталда қызметтерді іздеудің әр түрлі тәсілдері бар:


- тақырыптық айдарлар бойынша;
- іздеу алаңында;
- «Онлайн-қызметтер бір тізімде» қосымша бетінде;

➡ Тақырыптық айдарлар бойынша іздеуді пайдаланайық. Басты бетте «Салық және қаржы» айдарын таңдаймыз (28-сур.).



28-сур.


➡ «Салық салу» ішкі айдарының төлемдер тізімінен «Жеке тұлғалардың көлік салығын төлеуді» таңдаңыз (29-сур.).



29-сур.

➡ Тиісті сілтемені басу арқылы қызмет сипаттамасы мен оны көрсету тәртібі көрсетілген бет (қызмет паспорты) ашылады.

Келесі бетке өту үшін сол жақ жоғарғы бұрыштағы «Онлайн төлеу» батырмасына басыңыз (30-сур.).



30-сур.

➡ Көлік құралы есепте тұрған салық органын, салық сомасын көрсетіп, «Сұранымды жіберу» батырмасын басыңыз (31-сур.).

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

e.gov МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АУДАРАТ ОНЛАЙН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ МІНІСТЕРЛІГІ

Портал бойынша іздеу

Мысалы: *Мекендей анықтамасы*

Бірыңғай байланыс орталығы
1414
 8-800-080-7777
 (кеңырау шалу тегін)

ҚАЗ
 РУС
 ENG

Небад

Көмек

Көлік салығын төлеу

Tөлесіз

Салық органы :	Астана қаласының салық және бюджеттік инспекциясы	Таңдау
Салық кезеңі :	2013	
Сумма (теңге) :	1724	Салықты өсетпесіз

Жұлдызшамен * белгіленген өрістер **міндетті толықтырылуға жағдай.**
 Ескерту: Көлігіңіздің тіркеу өсебінде тұрған Салық органын таңдау қажет.

Болдырмау **Суранымды жіберу**

e.gov Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі

Портал туралы Сайт көмексізі Кері байланыс

Қателі байқадыңыз ба? Белгілеп, үстінен басыңыз.

CH Enter

Қазір порталда : Бүгін келіп кеткендер :

1696 6498

Пікір қалдырыңыз

31-суп.


🔍 Төлеуге қатысты деректерлерді растау бетінде мәліметтерді тексеріп, «Бұдан әрі» батырмасын басыңыз (32-сур.).

[illegible]

32-сyp.

📍 Төлем картасының мәліметтерін толтырып, «Төлеу» батырмасына басыңыз (33-сур.).

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз



e-pay ПЛАТЕЖНЫЙ ШЛЮЗ
ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА

Тәпсырыстың сомасы: **1731.00 KZT**

Төлемді алушы: **НУ по г.Актобе**
Кабинетті: **"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ**
Тәпсырыстың нөмірі: ET133BA448D9

Назар аударыңыз
Төлемге American Express, Visa және Master Card жүйелерінің төлем карталары қабылданады...
Citrus Maestro картоншалары олардың тек «Қазкоммерцбанк»

Төлем картасы туралы ақпарат
Өтінімен, өзіндік картаның деректерін енгізіңіз.
Жұдышанмен* белгіленген алаң толтырылуға міндетті.
Жыпты болыңыз. Төлемді жүргізуге 30 минут немесе 5 минутадік беріледі.

*Картадағы есім
*Карта нөмірі
*Картаңың жарамды мерзімі
*CVV2/CVC2/CID - 3 (4-American Express)
Картаңың сыртқы немесе кері жағындағы қосымша цифрлар.
CVV2/CVC2 коды қай жерде?

Қосымша ақпарат
Сіздің әрекеттегі e-mail
Сіздің байланыс телефоныңыз
Қателер туралы хабарлананы жеңілту

Төлеу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. "Төлеу" пернесін басқаннан кейін міндетті түрде сервер жауабын күтіңіз!!!

2001-2012 «Қазкоммерцбанк» АҚ

33-сур.

Интернет-транзакцияларды жүргізудің қауіпсіздігі мақсатында кейбір қазақстандық банктер (Halyk bank, АТФ банк, БТА және басқалары) лимиттер (шектеулер) немесе төлем карталарына қосымша кодтар орнатады. Егер онлайн-төлемді жүзеге асыруда қиындықтарға туындаса, қызмет көрсететін банкке жүгінуіңіз қажет.

Төлем расталғаннан кейін электронды чекті басып шығарып (34-сур.), «Қызмет ақыларын төлеу тарихынан» чек дубликатын таба аласыз.



Электронный чек Дубликат

Платежного шлюза электронного правительства

Уникальный код платежа: ET1335J4L0A0
Наименование банка: Halyk Bank Kazakhstan JSC
Телефон службы поддержки БВУ: 87272590777
Дата и время уплаты услуги: 28.05.2013 19:09:00

Получатель: Комитет Канцелярия МФ РК
Номер документа: 10100029762388
Номер платежной карточки: 4402XXXXXXX04012
Номер транзакции: 314801183079
Код авторизации: 772663

ИНН/БИН плательщика: 790605402546
ФИО плательщика: МУРЗАБЕКОВА ДИНАРА КАЛЫМБЕКОВНА

Наименование услуги (КБК): 104402 Оплата налога на транспорт физических лиц
Код налогового органа: 6202 Алматы аудандық салық басқармасы НУ по Алматыскому району
Код назначения платежа: 691 Поступления по обязательствам в бюджет от физических лиц-граждан
Налоговый период: 2013

Сумма платежа (KZT): 10 988,00
Комиссионное вознаграждение (KZT): 100,00
Итого: 11 088,00

34-сур.

Қате есептелген сомаларды қайтару тәртібі ҚР заңнамасына сәйкес анықталады. (Салық кодексі – 599-606 бб.).

Салық төлеушінің дербес шотына есептеуді Салық Комитеті жүзеге асырады, дербес шотқа есептеу мерзімі картадан ақшаны есептен шығару күнінен бастап 3 жұмыс күнін құрайды.



МЕКЕНЖАЙ АНЫҚТАМАСЫН АЛУ

ЭЦҚ-ны қажет ететін қызметтерді алуды мекенжай анықтамасын алу үлгісінің негізінде қарастырайық. Бұл топқа жататын қызметтерді алу алгоритмі бірыңғай болып келеді және төменде келтірілген қадамдардың орындалуын көздейді.


Ол үшін:

- Порталда авторлану («Порталда тіркелу және авторлану» бөлімін қараңыз);
- ЭЦҚ-ның болуы («Электрондық цифрлық қолтаңба алу» бөлімін қараңыз) қажет;
Бұл қызметті қалай табуға болады?

Порталда қызметті іздеудің әр түрлі тәсілдері бар:

- тақырыптық айдарлар бойынша;
- іздеу алаңында;
- «Онлайн-қызметтер бір тізімде» қосымша бетінде;

«Электрондық үкімет» порталында мекенжай анықтамасын алу үдерісін соңғы тәсілдің көмегімен қарастырамыз. Порталдың басты бетінде «Онлайн-қызметтер бір тізімде» қосымша бетін көресіз, соған басыңыз (35-сур.).



35-сур.

Ашылған бетте «электрондық үкіметтің» тақырыптық бөлімдерге бөлінген барлық онлайн-қызметтерінің тізімін көресіз. **Азаматтық, көші-қон және иммиграция** бөлімінің қызметтері тізімінен «Мекенжай анықтамасын алу» қызметіне басыңыз (36-сур.).

Жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама алу

Азаматтық, көші-қон және иммиграция

Қызметтер

- [ЖСН туралы мәліметтер алу](#)
- [Тұрғылықты жері бойынша тіркелу \(тіркеуге тұру\)](#)
- [Тұрғылықты жерінен есептен шығу](#)
- [Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу](#)
- [Жеке тұлғаның мекенжай деректерін тексеру](#)
- [Паспорт, жеке куәлік алу](#)
- [Мекенжай анықтамасын алу](#)**

Денсаулық сақтау

Қызметтер

- [Дәрігерді үйге шақыру](#)
- [Дәрігер қабылдауына жазылу](#)
- [Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медицина ұйымдарына тіркелу](#)

36-сур.

❖ Тиісті сілтемеге басу арқылы қызмет сипаттамасы мен оны көрсету тәртібі (қызмет паспорты) көрсетілген бетке өтесіз.

Келесі бетке өту үшін «Онлайн қызметке тапсырыс» батырмасына басыңыз (37-сур.).

Заннима | Электрондық лицензиялау | Салық төлеушінің кабинеті | Азаматтар мен үкімет

МОЛДАРАЛИЕВА МӨЛДІР

Бірыңғай байланыс орталығы
1414
8-800-080-7777
(қоңырау шалу тегін)

ҚАЗ
РУС
ENG

Недіс → Азаматтар → Азаматтық, көші-қон және иммиграция

Көмек

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ

Мекенжай анықтамасын алу

← Айдар парағына өту

Баспаға шығару нұсқасы

Онлайн қызметке тапсырыс

Қызмет көрсететін шешендік органдар
ҚР Ішкі істер министрлігі

Қызметті алушылар
Жеке және заңды тұлғалары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар

Қызмет көрсету орны
1) [ХҚКО](#)
2) [www.e.gov.kz](#)

Қызмет құны және төлеу тәртібі
Тегін

Қызмет көрсету мерзімі:
1) жеке тұлғалар үшін - 10 минут;
2) заңды тұлғалар үшін - 30 минут.

Қызметті онлайн режимінде пайдалану

- Порталда [авторлану](#) немесе [тіркелу](#).
- Электронды сұраным ерістерін толтыру және оған [ЭЦП](#)-мен қол қою.

Қажетті шарттар

«Электрондық үкімет» порталында мекенжай анықтамасын тек жеке тұлғалар ғана ала алады.

Қызметті ХҚКО-да алу үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет

- Жеке тұлғалар - тұтынушының жеке басын куәландыратын құжат.
- Заңды тұлғалар - сенімхат немесе алушы өкілінің өкілеттігін куәландыратын басқа да құжат, сондай-ақ оларға қатысты мекенжай анықтамаларына сұрау салынған жеке тұлғалардың тәжі.

Туысқандарына мекенжай анықтамаларын алу үшін:

- Туысқандық байланысын растайтын (неке туралы куәлік, туу туралы куәлік) құжаттың түпнұсқасы.
- Осы тұлғаға қатысты мекенжай анықтамасын алушыға беру үшін алушының жақын туысқандарын (ата-аналары, балалары, жұбайлары) қоспағанда, жеке заңды тұлғаның нотариалды куәландырылған келісімі.

Маңызды

Кейбір жағдайларда мекенжай анықтамасында қате немесе толық емес ақпарат берілуі мүмкін – мекенжайдың қате берілуі немесе тіркеуге тұрған күн көрсетілмейді. Бұл жағдайда мекенжай мәліметтерін түзету үшін өтінім беруші ХҚКО-ға барып, өтініш толтыруы қажет. Қажетті құжаттар: жеке басын

37-сур.

❖ Бұл бетте автоматты түрде Сіздің ЖСН-ңыз енгізіледі, «Сұранымды жіберу» батырмасына басыңыз (38-сур.).

Заявка Электрондық лицензиялау Сайып талерушын кабинеті Азаматтар мен үкімет

МОЛДАҒАЛИЕВА МӨЛДІР

Бірыңғай байланыс орталығы
1414
8-800-080-7777
(қоңырау шалу тегін)

ҚАЗ
РУС
ENG

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР
ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу

Мысалы: Мекенжай анықтамасы

Негізгі

Көмек

Мекен-жай анықтамасы

1 Қадам
Деректерді толықтыру

2 Қадам
Қол қою

3 Қадам
Сұраным нәтижесі

ЖСН : 901124450040

Жұлдышамен "Белгіленген әрістер Міндетті толықтырылуға жатады"

Болдырмау Сұранымды жіберу

Пікір қалдырыңыз

e.gov © Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі

Портал туралы Сайт картасы Көрі байланыс

Қатені байқадыңыз ба?
Белгілеп, үстінен басыңыз.

Ctrl Enter

Қайыр порталда : 1643
Бүгін келіп кеткендер : 7039

38-сур.

- ➡ Сұранымға қол қою үшін «Сертификатты таңдау» батырмасы арқылы өтіңіз (39-сур.). Ашылған терезеде электрондық цифрлық қолтаңбаныңыздың (ЭЦҚ) сақталған орнын көрсетіңіз: жеке куәлікке жазылған жағдайда, «Куәлікті» таңдаңыз. Сыртқы құрылғыларда немесе компьютеріңізде сақталған болса, «Файлды таңдау» батырмасын басып, ЭЦҚ-ңыз сақталған орынды көрсетіңіз. ЭЦҚ паролін енгізіңіз.

Заявка Электрондық лицензиялау Сайып талерушын кабинеті Азаматтар мен үкімет

МОЛДАҒАЛИЕВА МӨЛДІР

Бірыңғай байланыс орталығы
1414
8-800-080-7777
(қоңырау шалу тегін)

ҚАЗ
РУС
ENG

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР
ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу

Мысалы: Мекенжай анықтамасы

Негізгі

Көмек

Мекен-жай анықтамасы

1 Қадам
Деректерді толықтыру

2 Қадам
Қол қою

3 Қадам
Сұраным нәтижесі

Сертификаттың деректері

Сертификат таңдалмады

Болдырмау Сертификатты таңдау

e.gov © Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі

Портал туралы Сайт картасы Көрі байланыс

Қатені байқадыңыз ба?
Белгілеп, үстінен басыңыз.

Ctrl Enter

Қайыр порталда : 1643
Бүгін келіп кеткендер : 7039

39-сур.

- ➡ Сертификат дұрыс таңдалған жағдайда Сіз туралы мәліметтер – ТАӘ, ЖСН және электронды пошта мекенжайы, сондай-ақ ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімі пайда болады. Көрсетілген мәліметтер дұрыс болған жағдайда сұраным автоматты түрде мемлекеттік органға жіберіледі. Сұранымды жіберу үшін «Қол қою» батырмасын басыңыз (40-сур.).

Заңнама Электрондық лицензиялау Салық төлеушінің кабинеті Азаматтар мен үкімет

МОЛДАГАЛИЕВА МӘЛДІР

Бірыңғай байланыс орталығы
1414
8-800-080-7777
(қоңырау шалу тегін)

ҚАЗ
РУС
ENG

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу

Мысалы: Мекенжай анықтамасы

Мекен-жай анықтамасы

1 Қадам
Деректерді толықтыру

2 Қадам
Қол қою

3 Қадам
Сұраным нәтижесі

Сертификаттың деректері

ЖСН:	901124450840
E-mail:	MOLDIR_MOLDAGALI@mail.ru
Тегі:	МОЛДАГАЛИЕВА
Аты:	МӘЛДІР
Әкесінің аты:	ҒАРИХОЛЛАҚЫЗЫ
Қолданыстағы мерзімі:	31.07.2012 15:14:31 - 31.07.2013 15:14:31

Болдырмау Сертификатты таңдау **Қол қою**

© Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі
Портал туралы Сайт картасы Көріс байланыс

Қатені байқадыңыз ба?
Белгілеп, үстінен басыңыз.

Көріс порталда : 1643
Бүгін келіп кеткендер : 7039

40-сур.

Бұл бетте Сіз сұранымыңыздың ағымдағы мәртебесімен, тапсырыс қабылданған сұраным нөмірімен және оны орындау мерзімімен таныса аласыз. Нәтижені көру үшін деректерді жаңартып, «Нәтижені қарауға» басыңыз (41-сур.).

Заңнама Электрондық лицензиялау Салық төлеушінің кабинеті Азаматтар мен үкімет

МОЛДАГАЛИЕВА МӘЛДІР

Бірыңғай байланыс орталығы
1414
8-800-080-7777
(қоңырау шалу тегін)

ҚАЗ
РУС
ENG

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу

Мысалы: Мекенжай анықтамасы

Мекен-жай анықтамасы

1 Қадам
Деректерді толықтыру

2 Қадам
Қол қою

3 Қадам
Сұраным нәтижесі

ЖСН:	901124450840
Сұраныс нөмірі:	10100030666554
Қызмет түрі:	Мекен-жай анықтамасы
Сұраныс мәртебесі:	Сұраныс өңделді
Қызметті көрсету мерзімі:	Өтінішті алған уақыттан бастап 30 минут ішінде

ЭЦҚ қарал шығу **Нәтижені қарау** Жаңа сұраным

© Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі
Портал туралы Сайт картасы Көріс байланыс

Қатені байқадыңыз ба?
Белгілеп, үстінен басыңыз.

Көріс порталда : 1603
Бүгін келіп кеткендер : 7216

Пікір қалдырыңыз

41-сур.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

Казакстан Республикасы
Үкіметінің 2009 жылғы
26 қазандағы № 1669 қаулымен
белгіленген мемлекеттік
қызмет стандартына 2-қосымша

МЕКЕН-ЖАЙ АНЫҚТАМАСЫ
АДРЕСНАЯ СПРАВКА

ИНН/ЖСН 86111300966

Мемлекеттік деректер қоры мәліметіне сәйкес: Алматы (құрметті)
По сведениям из государственной базы данных

СЕРАПШЕВ АНУАР БЕРИКОВИЧ, 11.11.1986, КАЗАХСТАН, КАРАГАНДИНСКАЯ область, КАРАГАНДА
(фамилия, имя, отчество, год и место рождения)

мәлім мекен-жай бойынша:
регистрация по адресу: **КАЗАХСТАН, КАРАГАНДИНСКАЯ область, КАРАГАНДА, СТЕПНОЙ 3, п. 2, кв. 62** тіркелген.

Тірелу күні: 17.02.1990
Дата регистрации:

Берілген күні: 11.01.2013
Дата выдачи:

Қызыл қолтаңба (цифрлық қолтаңба)

Бірыңғай нөмір құжатты талап етілген орнына көрсеткен кезде оның «электрондық үкімет» порталы арқылы берілу дерегін тексеруге мүмкіндік береді

Бұл құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес, қағаз тасығыштағы құжатпен тең.

42-сур.

Оған қоса, анықтама автоматты түрде Порталдағы Сіздің жеке кабинетіңізде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде сақталады. «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде Портал арқылы берген сұранымдарыңыздың барлығы атауы, сұраным күні және сұранымды өңдеу мәртебесі көрсетілген түрде сақталады (43-сур.).

Заннама Электрондық лицензиялау Салық төлеушінің кабинеті Азаматтар мен үкімет

e-gov МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

Портал бойынша іздеу

Мысалы: Мекенжай анықтамасы

Азаматтарға Бизнеске

Отбасы Жылжымайтын мүлік

Денсаулық сақтау Салық және қаржы

Білім Құқықтық көмек

Жұмысқа орналастыру Көлік және коммуникация

Әлеуметтік қамсыздандыру Туризм және спорт

Азаматтық, көші-қон және иммиграция Әскери есеп және есептілік

Онлайн қызметтер бір тізімде Мемлекеттік органдар бойынша қызметтер

Менің кабинетім

Қызметтерді алу тарихы

Қызметтерді төлеу тарихы

Қызметтер алу тарихы (АЖО)

Электрондық өтініштер

Хабарламалар

Профиль

Шығу

Азаматтар мен үкімет

Интернет-конференция, Жобаларды талқылау, Электрондық жұғу, Министрдің қарамауына жазылу, Бірінші басшылардың блогтары, Ресми тұлғалар, ІР мемлекеттік органдары, Ашық деректер порталы

Танымал электрондық қызметтер

Жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін айыппұл төлеу

Зейнетақы аударымдары туралы анықтама алу

«Қазақтелеком» АҚ байланысының қызметін төлеу

Мекенжай анықтамасын алу

Коммуналық қызметтерді төлеу


43-сур.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз




«АЗАМАТТАР МЕН ҮКІМЕТ» БӨЛІМІ

«Электрондық үкімет» порталының «Азаматтар мен үкімет» бөліміне жеке тоқталғанды жөн көрдік. Бұл бөлім порталдың басты бетінің оң жақ бөлігінде орналасқан (44-сур.).



44-сур.

Бұл бөлім үкіметке жақын болып, елімізде жүзеге асырылып жатқан жобалардан шет қалмауға мүмкіндік береді (45-сур.).



45-сур.

«EGOV.KZ» порталымен жұмыс жасау кезінде туындаған барлық сұрақтарыңыз бойынша пайдаланушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне 1414 нөмірі (тегін қоңырау шалу желісі) бойынша хабарласыңыз

- ➡ **Интернет-конференцияларға** қатысу арқылы облыс әкіміне сұрақтарыңызды қойып, барынша қысқа мерзімде жауап алыңыз.
- ➡ «Электрондық үкімет» порталы жүйелі түрде электрондық форматтағы жаңа мемлекеттік қызметтермен толығып отырады. Портал әзірленіп жатқан электрондық қызметтер мен ҚР жаңа заң жобаларын, олардың тұжырымдамаларын талқылаудың бірыңғай алаңын ұсынады. **Қызмет жобаларын талқылауға** басу арқылы әр азамат өз пікірін білдіре алады.
- ➡ **Электрондық жүгіну** сервисінің көмегімен Сіз кез келген мемлекеттік органға хат жазып, оны жіберу мүмкіндігіне ие боласыз. Сондай-ақ сервис хаттың жетуіне кепілдік береді, әрі оның мәртебесін қадағалап, Жеке кабинетіңізде хатыңыздың жауабын ала аласыз.
- ➡ Министрге сұрақтарыңыз бар ма? «Электрондық үкімет» порталы бейнеконференциялар арқылы онлайн-қабылдау сервисін ұсынады. Өтінімді толтырып, жақын маңдағы ХҚКО-ға дайын сұрақтарыңызбен барасыз. Енді **Министрдің қабылдауына жазылу** сервисінің көмегімен мемлекеттік органның бірінші басшысымен виртуалды қабылдаудың қатысушысы болу оңай.
- ➡ **Бірінші басшылардың блогтарына** басу арқылы барлық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының ресми Блог-платформасына өте аласыз.
- ➡ **Ресми тұлғалардың әлеуметтік желілердегі** аккаунттары. Парақтардың мекенжайлары, лауазымы, қызметінің бағыты, әлеуметтік желілердегі аккаунттары. Сервис соңғы жаңалықтардан тікелей хабардар болып отыруға мүмкіндік береді.
- ➡ Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары туралы ең толық, әрі өзекті ақпарат. Министрліктердің, комитеттер мен агенттіктердің байланыс мәліметтері мен басшылары, олардың құзіретіндегі мәселелер. Мемлекетіміз бен оның құрылымы туралы пайдалы ақпарат **ҚР мемлекеттік органдары** бөлімінде.
- ➡ Республиканың барлық мемлекеттік органдарынан алынған ақпарат **Ашық деректер порталында** қолжетімді. Мұнда Сіз статистикалық деректерді, мекемелердің орналасу мекенжайы, байланыс ақпараты туралы, жауапты басшылар туралы мағлұматтарды, салық декларацияларын және өзге де пайдалы ақпаратты таба аласыз.

«Электрондық үкіметтің» белсенді пайдаланушылары қатарына қосылыңыз!
Сәттілік тілейміз!